



**Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы  
Нұсқаулық N 40**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы 1995 ж. 22 маусым N 153. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 4 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 73. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан Республикасының

K010209\_

Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа  
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

4. "Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу және төлеу  
тәртібі туралы" N 40 Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 22 маусымдағы N 153

V950073\_

бұйрығы.

-----

Ескерту: Бүкіл мәтін бойынша "Салық және бюджетке міндетті басқа да  
төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң

күші бар Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке міндетті басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" деген сөздермен ауыстырылды, "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылды- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990890\_

## I-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" нұсқаулық "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының заңы 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ негізінде және оның ережелерін іске асыру мақсатымен әзірленді.

2. Егер Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда жеке тұлғаларға табыс салығын салудың осы нұсқаулықта баяндалған ережелерінен басқа ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л а д ы .

3. Жеке адамдардың табыс салығы бойынша аударымдар сомасы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен тиісті бюджеттердің кірістеріне түседі.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 б ұ й р ы ғ ы м е н . V 9 9 0 8 9 0 \_

4. Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы теңгемен есептеліп, төленеді.

5. Жеке тұлғаны табыс салығынан босату немесе салықтың ставкасын бекіту тек Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібімен ғана, сондай-ақ Инвестициялар жөніндегі уәкілетті органы жоғарыда аталған Заңға және "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңға сәйкес жасалған келісім-шарты негізінде жүргізіледі. "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Инвестициялар

жөніндегі уәкілетті органы беретін жеңілдіктерді есептемегенде, басқа актілермен салықтық жеңілдіктер, оның ішінде дербес сипаттағы жеңілдіктер беруге тыйым салынады.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен. V970056\_  
Ескерту: 5-тармақ өзгертілді- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990890\_

5-1. Табыс салығы бойынша есептелген және төленбеген айыппұлдар мен өсімдер сомаларын төлеуден босату немесе сомасын азайту "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) толықтыру енгізу тәртібімен жүргізілуі мүмкін. Табыс салығы бойынша есептелген және төленбеген айыппұлдар мен өсімдер сомаларын төлеуден босату немесе сомасын азайтуға, соның ішінде жеке сипаттағы да, басқа актілермен рұқсат беруге тыйым салынады.

Ескерту: 5-1-тармақпен толықтырылды- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990890\_

5-2. Арнаулы экономикалық аумақтар бойынша табыс салығы арнаулы экономикалық аумақтар туралы заңдарда айқындалған тәртіппен арнаулы экономикалық аумақтардың қаржылық қорының (бюджеттің) кірісіне түседі.

Ескерту: 5-2-тармақпен толықтырылды- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990890\_

II-тарау. Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын

## төлеушілер және салық салынатын табыс

6. Салық жылы салық салынатын табысы бар жеке тұлғалар табыс салығын төлеушілер болып табылады.

Табыс салығын төлеушілер өздері тұрған жер бойынша салық төлеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының азаматтары, шет мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар табыс салығын төлеуші жеке тұлғаларға ж а т қ ы з ы л а д ы .

Табыс салығын салу мақсатымен салық төлеуші жеке тұлғалар резиденттерге және бейрезиденттерге бөлінеді.

Резидент - Қазақстанда салық жылы басталатын немесе аяқталатын кезкелген тізбекті 12 айлық кезеңде 183 күн немесе одан да көп күндер бойына Қазақстанда жүрген не шетелде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде жүрген жеке тұлға. Жеке тұлға өзінің келген жылының алдындағы жылы Қазақстанның резиденті болса ғана өзінің келген кезеңінің алдындағы кезең үшін ғана резидент ретінде қаралады. Жеке тұлға өзінің Қазақстанда болған жылы аяқталатын жылдан кейінгі жылы резидент болса ғана ол Қазақстанда болған кезеңнен кейінгі кезең үшін резидент ретінде қаралады.

Резидент емес - осы Нұсқаулықтың 4-абзацына сәйкес резидент болып т а н ы л м а й т ы н жеке адам .

Мысал. Шетел азаматы өзара шарт бойынша Қазақстан Республикасына 1994 жылы қарашада 2 жылғы жұмысқа келді. 1995 жылдың 1 қарашасынан бастап, яғни оның республикада болған 12 айлық кезеңі оның резиденттігін анықтау үшін негізге алынады. Демек, 1994 жылдың 1 қарашасынан 2 мамырға дейін ( қараша - 30 күн - желтоқсан - 31 күн - қаңтар - 31 күн - ақпан - 28 күн наурыз 31 күн - сәуір 30 күн - мамыр - 2 күн - 183 күн) бұл азаматқа бейрезиденттер үшін белгіленген тәртіппен салық салынады. 3 мамырдан бастап ол резидент ретінде қаралады және оған Қазақстандағы және одан сырт жердегі көздерден алынатын барлық табыстарына табыс салығы салынады. Салық жылы аяқталғаннан кейін 1996 жылы 31 наурызға дейін ол бір жылғы жиынтық табысы туралы декларация береді, сөйтіп 1995 жылдың басынан бастап салық қайта есептеледі.

Өз өндірісіндегі тауарларын сатудан түскен кірістер бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер бірыңғай табыс салығын төлеушілерге жатпайды.

ЕСКЕРТУ: 6-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

Ескерту: 6-тармақ абзацпен толықтырылды- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929

7. Жеке тұлғаның, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаның да салық салынатын, бір жылғы жиынтық табысы мен осы нұсқаулықтың III және IV тараулармен көзделген шегерістің арасындағы айырма ретінде есептелген табысы табыс салығын салу объектісі болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің  
1998.07.10. N 62

V980543\_

бұйрығымен.

8. Салық салынатын табыс теңгемен айқындалады.

9. Табыс салығы салынатын табысты есептеу кезінде түскен ақша, басқа да түсімдер, сондай-ақ шетел валютасымен жұмсалған шығын операция жасалған (төлем төленген) күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

III-тарау. Жылдық жиынтық табыс

10. Салық төлеуші резиденттің жылдық жиынтық табысы резиденттің қандай көздерден алынғанына қарамастан Қазақстан Республикасында және Қазақстан Республикасынан сырт жерде алған табыстарынан құралады.

11. Салық төлеуші резиденттің жылдық жиынтық табысына оның Қазақстан Республикасында немесе одан сырт жерде алынғанына қарамастан Қазақстандағы көздерден алынған табыстары кіреді.

12. Жылдық жиынтық табысқа салық жылы ақшалай немесе заттай нысанда алынған табыстарының барлық түрлері, соның ішінде:

- а) еңбек ақы түрінде алынатын табыстары;
- б) кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыстары;
- в) жеке тұлғалардың мүліктік табысы жатады.

Ескерту: Зейнеткерлік төлемдер түрінде алынатын кірістерге жинақтау зейнеткерлік қорынан төленетін төлемдер жатады.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақтың "а"-тармақшасы ескертумен толықтырылды-  
ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30.  
N 322 бұйрығымен.

13. Заттай немесе басқа нысанда алынған табыстар жиынтық табыста сатып алу бағасы бойынша есептеледі.

14. Еңбек ақы түрінде алынатын табыстарға жалақының, сыйлықақының, қосымша ақының, сыйақының, үлесақының, қаламақының, шәкіртақының және жалдану (мердігерлік, өзара шарт, келісім) шартына сәйкес жеке тұлғаның жұмысты орындауына (қызметті атқаруына, оқуына) байланысты басқа да төлемдердің кез-келген түрлері жатады.

Еңбекақы түрінде алынатын табыстарға сондай-ақ:

а) қызметкерлерге көрсетілетін қызметтің немесе сатылатын тауарлардың құны мен олардың сатып алу бағасы немесе өзіндік құны арасындағы теріс айырма жатады.

Мысал :

1. Ұйым қабы 1800 теңге тұратын бағамен қант сатып алды, ал оны өз қызметкерлеріне 1500 теңгеден сатты. Бұл ретте 300 теңге әрбір қызметкердің жиынтық табысында ескеріліп, оған төлем көзінен алынатын табыс салығы салынуға тиіс.

2. Ұйым өзінің қызметкерлерінің пәтерін жөнделді, бұл үшін ол осы жөндеудің 25 мың теңге тұратын нақты өзіндік құнының орнына 15 мың теңге төледі. 10 мың теңге айырма жеке тұлғаның жиынтық табысына қосылып төлем көзінен алынатын табыс салығы салынуға тиіс.

б) жұмыс берушінің қызметкердің қызметімен байланысы жоқ шығынын өтеуге жұмсаған шығыны. Бұл шығын қызметкердің баласын оқытуға, оны мектеп жасына дейінгі мекемеде ұстауға, емдеуге, сатып алынған машинаның немесе пәтердің, т.б. құнын төлеуге жұмсаған шығын болуы мүмкін;

в) жұмыс берушінің шешімімен қызметкердің оған борышының немесе міндеттемесінің сомасын есептен шығаруы. Кредиттің немесе қайтарылмалы несиенің төленбеген сомасын, кредит немесе несие сомасы бойынша проценттердің сомасын, қызметкердің материалдық сипаттағы борышын т.б. қызметкердің мойнынан шегеруді табыстың осындай түріне жатқызуға болады.

г) жұмыс берушінің өз қызметкерлерінің өмірін немесе денсаулығын ерікті сақтандыруға байланысты жарналарын төлеуге жұмсаған шығыны;

д) жұмыс берушінің жеке тұлғадан ұсталуға тиіс табыс салығының есебінен төлеген сомасы.

Мысал. Кәсіпорын (немесе басқа шаруашылық жүргізуші субъект) өз қаражаты есебінен қызметкерге пәтер сатып алды, бұл орайда бюджетке пәтер құнынан (қызметкердің табысы болып есептелетін) табыс салығын төледі. Бұл ретте қызметкердің жиынтық табысына сатып алынған пәтердің құны ғана емес, сонымен бірге кәсіпорын төлеген табыс салығының сомасы да қосылуға тиіс.

е) қызметкерлердің тікелей немесе жанама табыстары болып табылатын жұмыс беруші жұмсаған шығындардың барлық түрлерінің сомасы.

Мұндай табыстарға жолақы билеттерінің құнын, тамақ үшін төленетін қосымша төлемнің сомасын, газеттер мен журналдарға жазылыс сомасын, санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдамалардың, жүзу бассейндеріне немесе "денсаулық топтарына" абонементтердің құнын төлеуді, массаждың құнын, дәрі-дәрмектің құнын төлеуді, жұмыс берушінің қаражаты есебінен төленген осындай шығындары жатқызуға болады.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен. V970056\_

15. Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметтен алған табыстарына мыналар ж а т қ ы з ы л а д ы :

а) өнімді өткізуден (жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден) а л ы н ғ а н т а б ы с ;

б) үйлердің, ғимараттардың, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтердің өткізілуі кезінде инфляцияға байланысты олардың құнына енгізілетін түзетуді ескере отырып, олардың құнының өсуінен алынатын табыс;

Ескерту. Амортизациялауға жатпайтын құрал-жабдыққа жер, тауар-материалдық құндылықтар, ағымдағы жылы салық салынатын табысты анықтау кезінде құны толық шегеріліп мүлік жатады.

М ы с а л .

Кәсіпкер салық жылының басында 10 мың теңгеге тігін машинасын сатып алды, жылдың аяғында ол оны 16 мың теңгеге сатты. Сатылған күні инфляция коэффициенті шартты түрде 1,3-ке тең болатын. Бұл ретте кәсіпкердің жиынтық табысына 3000 теңге қосылуға тиіс (16000 - 10000 x 1,3).

в) сыйақы (мүдделер) түрінде жеке тұлғаларға берілген кірістер. Мұның берілген қарыздар үшін сыйақы (мүдде) болуы мүмкін;

в) -1 күдікті міндеттемелер бойынша кірістер.

Мысал. Кәсіпорын жеке кәсіпкерден 50 процент өсіммен 3 айға 500 мың теңге қарыз алды. Мерзімі өткеннен кейін кәсіпорын жеке кәсіпкерге 750 мың теңге төлейді. 250 мың теңге айырма жеке тұлғаның табысы болып табылады және оған табыс салығы салынады.

г) дивиденттер түріндегі табыстар;

Ескерту. Дивидендтер - заңды тұлға оған қатысушы жеке тұлғалар (акционерлер) арасында бөлетін таза табыстың бір бөлігі. Сондай-ақ жеке тұлғаның заңды тұлғаның таратылуы кезінде инфляцияны ескере отырып оның жарғы қорына төлеген жарналарынан басқа мүлікті бөлу кезінде алынған табыс та дивидендке жатады.

- д) тегін алынған мүлік пен ақша;
- е) мүлікті жалға беруден алынған табыс;
- ж) роялти;

Мысал. Жеке тұлға әлдебір патенттің, "ноу-хаудың" немесе бейнефильмдердің, т.б. иесі болып табылады және оларды пайдалану құқығын басқа субъектіге белгілі бір ақыға береді, бұл ретте осы ақы табыс түрлерінің бірі - роялти болып табылады.

з) кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе кәсіпорынды жабуға келіскені үшін алынған табыстар;

Мысал. Кәсіпкер кір сабын өндірісін ұйымдастырады. Бұл аймақта осындай өндіріс бұрыннан жұмыс істейтін (немесе рынок бұл өніммен оны өткізу үшін басқа аймақтардан әкелу арқылы қамтамасыз етілетін) және жаңадан құрылған өндіріс оған бәсекелестік туғызуы (рынокта тауардың тым көбеюі салдарынан немесе сапасының неғұрлым жоғары немесе бағасының төмен болуы есебінен сұранымның төмендеуі) мүмкін. Бұл ретте бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан өндіруші (немесе өткізуші) белгілі бір ақыға жаңа кәсіпкерге өндірісті қысқартуды немесе оны мүлде жабуды ұсынуы мүмкін. Келіскен жағдайда бұл ақы да жаңа кәсіпкер үшін жылдық жиынтық табысқа қосылуға тиіс табыс болып табылады.

и) талапты есептен шығарудан алынған табыстар;

#### Мысалдар.

1. Кәсіпкер жеке тұлға жеткізілген өнім немесе көрсетілген қызмет үшін басқа кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға 50 мың теңге қарыз. Ол қарыздар болған кәсіпкер жеке тұлға белгісіз бір жаққа кетіп қалған (немесе өлген), ал заңды тұлға таратылған. Бұл ретте борыш төленбейді және 50 мың теңге табысқа есептеледі.

2. Салық төлеуші А кәсіпорнына 1 млн. теңге қарыз. Ол Б кәсіпорны үшін қызметтер көрсетіп жүр, бұл қызметтер А кәсіпорнының тапшы тауарлар алуына мүмкіндік береді. Сонан соң А кәсіпорны салық төлеушіні қарыздан босатады. Салық төлеуші 1 млн. теңгеге тең табыс алды.

к) салық жылы ішінде негізгі құрал-жабдықты өткізу сомасының салық жылының аяғында инфляция деңгейіне қарай түзетуді ескере отырып осы құрал-жабдықтың (осы топтағы) құндық балансынан асып түсуі жеке тұлғаның салық жылындағы табысы болып есептеледі, ал топтың құндық балансы нөлге



т е н

б о л а д ы ;

Мысал. Кәсіпкер жеке тұлғаның шаруашылықта құндық балансы салық жылының аяғында 600 мың теңге болатын тракторы бар еді. Жыл ішінде ол тракторды 1000 мың теңгеге сатты. Бұл ретте айырма 400 мың теңге болады (1000 мың т. - 600 мың т.). Сатылған күні инфляцияның 1,3-ке тең шартты деңгейінде кәсіпкердің жылдық жиынтық табысына қосылуға тиіс сома 220 мың теңге болады (1000 мың теңге - 600 мың теңгеге x 1,3).

л) өтелетін шегерістер Жарлықтың 44-бабына сәйкес өткен салық жылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқан жеке тұлғаның табысына бұрын шегеріліп, кейіннен орны толтырылған шығындар, залалдар, күмәнді борыштар өтелетін шегерістер жатады. Бұл сома кәсіпкердің алынған салық жылындағы табысы деп е с е п т е л е д і . ;

м) ұтыстар, мемлекеттік (ұлттық) лоторея жөніндегі ұтыстардан басқа.

Ескерту. Ұтыстар - жеке тұлғалардың конкурстарда, жарыстарда (олимпиадалар), фестивальдарда, лотореялар бойынша алатын заттай және ақшалай түрдегі кірістерінің кез-келген түрлері.

н) экспорттау кезінде төмендетілген құны бойынша сатылған қаражаттардан түскен кірістер .

о) осы Нұсқаулықтың 77-1 тармағына сәйкес бағаларды түзетуден түскен кірістер .

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ м)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен. V970056\_

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

Ескерту: 15-тармақ в)-1, о) тармақшаларымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990890\_

16. Жеке тұлғаның жылдық жиынтық табысына қосылатын мүліктік табысына тек активтердің мынадай түрлерін өткізуден алынған құнның есімі ғана жатады, бұл орайда инфляцияға орай олардың құнына енгізілген түзетулер е с к е р і л е д і :

а) салық төлеушінің тұрақты тұрғылықты жері болып табылмайтын қ о з ғ а л м а й т ы н м ү л і к ;

Жеке тұлғада бір үйден (пәтерлер немесе өзге де тұрған үйлер) артық үйі

болған жағдайда, жеке тұлғаның тіркелген орны оның тұрғылықты жері болып табылады.

Ескерту. Үйлер, ғимараттар, көп жылдық екпе ағаштар және жермен берік байланысқан басқа да мүлік яғни қолданылу мақсатына айтарлықтай зиян келтірмей көшіруге болмайтын объектілер қозғалмайтын мүлік болып табылады.

Мысал. Салық төлеуші жеке тұлғаның екі пәтері бар, біреуінде отбасымен бірге тұрады, ал тұрақты тұрғылықты жері болып табылмайтын екіншісін сатып алғаннан кейін белгілі бір уақыт өткен соң сатпақ болды. Екінші пәтерді ол 450 мың теңгеге сатты. Бұрын сатып алу кезінде ол бұл пәтер үшін 250 мың төлегенді. Сатылған күнгі инфляцияның шартты деңгейі 1,3 екенін ескергенде, пәтердің құны 325 мың теңге болады ( $250 \text{ мың т.} \times 1,3$ ). Салық төлеушінің жылдық жиынтық табысына 125 мың теңге қосылуға тиіс ( $450 \text{ мың т.} - 325 \text{ мың т.}$ ).

б) бағалы қағаздар, заңды тұлғаға қатысу үлесі және басқа материалдық емес активтер;

Мысал. Жеке тұлғаның әрқайсысының құны 1000 теңгелік 5 акциясы болды, салық жылы ішінде ол бір мезгілде 4 акцияны 2000 теңгеден жалпы сомасы 8000 теңгеге сатты. Сатылған күнгі инфляцияның шартты деңгейі 1,3 екенін ескергенде акциялардың құны 5200 теңге болады ( $4 \times 1000 \times 1,3$ ). Жеке тұлғаның акцияларды өткізуге байланысты жылдық жиынтық табысына қосылуға тиіс табысының сомасы - 2800 теңге ( $8000 \text{ т.} - 5200 \text{ т.}$ ).

Ескерту. Бағалы қағаздарға акциялар, облигациялар, вексельдер, т.б. жатады ("Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасының 1995 ж. 21 сәуірдегі N 2227 Заңы, 5-бап).

в) шетел валютасы;

г) асыл тастар мен асыл металдар, олардан жасалған зергерлік бұйымдар және құрамында асыл тастар мен асыл металдар бар басқа да заттар, сондай-ақ өнер туындылары мен антиквариат.

Мысал. Азамат 1994 жылдың аяғында 3000 теңгеге картина сатып алды, 1995 жылдың аяғында ол оны 5000 теңгеге сатты. Сатылған күнгі инфляцияның деңгейі (шартты) 1,3 екенін ескергенде құны 3900 теңге ( $3000 \times 1,3$ ) болады және бұл азаматтың жиынтық табысына 1100 теңге қосылуға тиіс ( $5000 \text{ т.} - 3900 \text{ т.}$ ).

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

17. Жылдық жиынтық табыстан мыналар шығарылып тастауға тиіс:

а) жеке тұлға алған, Қазақстан Республикасында бұрын төлем көзінен салық салынған дивидендтер;

б) төлем кезінде салық салынатын, жеке тұлғалардан алынатын ұтыстар;

в) жеке тұлғалар алған және олардың кәсіпкерлік қызметімен байланысты бағамның оң айырмасы;

Ескерту. Бағамның оң айырмасы дегеніміз ұлттық валюта құнының белгілі бір уақыт кезеңіндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі қабылдаған бағам бойынша шетел валютасына қатынасы жөнінен ауытқуын көрсететін шартты шама. Жарлықтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға алған бағамның оң айырмасы табыстарда есептелмейді, ал теріс айырмасы шығындарда есептелмейді.

г) жеке тұлға алған, 15 проценттік түпкілікті ставка бойынша салық салынатын, акциялар өткізуден алынған құнның өсімі және резидент заңды тұлғаға қатысудың инфляцияға орай енгізілетін түзетуді ескергендегі үлесі;

д) заңды тұлға-резидентке қатысу үлесін сатудан жеке адамдар алған, Қазақстан Республикасындағы төлем көзіне бұрын салынған табыс;

е) шаруашылық жүргізуші субъектілердің кәсіпкерлік қызметке қатысы

жоқ шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысы есебінен алынған, 15 процент ставка бойынша салық салынатын тікелей және жанама табыстары.

ж) Қазақстан Республикасындағы төлем көзіне бұрын салынған жеке адамдар алған сыйақы (мүдде).

Ескерту. 17-тармақтың б)-тармақшасы өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақтың "б"-тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен.

V970056\_

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ д,е-тармақшаларымен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен

V970061\_

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990778\_

бұйрығымен.

Ескерту: 17-тармақтың г) тармақшасы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990890\_

#### ІҮ-тарау. Шегерістер мен залалдар

18. Жеке адамдардың жылдық жиынтық кірісінен Заңға сәйкес шегерілуге жататын шығыстардан басқа оны алуға байланысты барлық шығыстар шегеріледі . "Салық және бюджетке міндетті басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген нормалар шегінде шығыстар шегеріміне жатқызу жағдайлары айқындалуы мүмкін.

Шегерімдер кәсіпкерлік қызмет кірісін алумен байланысты шығыстарды растайтын құжаттар болған жағдайда жүргізіледі.

Ескерту: 18-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990890\_

#### 19. Шегерістер:

- а) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес шығындар бойынша;
- б) бағамның теріс айырмасы бойынша;
- в) жеке тұлғаның жеке тұтынуына және еңбек шарты бойынша (өзара шарт) немесе мердігерлік шарт (жалдану) бойынша жұмыстан табыс алуына байланысты жеке басының шығындарына жұмсалған шығындар бойынша шегерілмейді.

Мысал. Сырлаушы жеке тұлға цехты сырлау жөнінде мердігерлік шарт жасасты, шартта материалдар мен аспаптар үшін төлем көзделмеген, тек еңбекке ақы төлеу көзделген. Бұл ретте сырлаушы пайдаланатын бояу мен аспаптың құны алынған табыстан шегерілмейді.

20. Алынған несиелер (қарыздар) үшін сыйақы (мүдде) теңгемен берілген несие (қарыз) бойынша аталған ставканың 50 процентіне көбейтілген Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасы бойынша есепті кезең үшін есептелген, және шетелдік валютамен берілген несие (қарыз) бойынша 100 процентке көбейтілген Лондон халықаралық рыногының ставкасы бойынша есептелген соманың шегінде шегеруге жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы мен Лондон банкаралық рыногының ставкасы кредит (займ) алу сәтінде қолданылады.

Мысал. Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлға коммерциялық банкіден 300 проценттік өсімнен кредит алды. Қайта қаржыландырудың Ұлттық банк белгілеген қолданылып жүрген ставкасы (кредитті алу сәтінде)- 96 процент (шартты түрде). Бұл ретте кәсіпкер өзінің табысынан кредит үшін процент) түріндегі шығында 300% емес, 144% мөлшерінде ( $96\% + (96\% : 2) = 144\%$ ) шегеріп т а с т а у ы н а б о л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің  
Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен.

V 9 7 0 0 5 6 \_

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық  
комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен V970061\_ .

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік  
кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

21. Салық төлеушінің өнім өткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге байланысты, оларға жұмсалған шығын кәсіпкерлік қызметтен алынған жылдық жиынтық табысқа бұрын енгізілген күмәнді талабы бойынша шегеріс ж а с а у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Мысал. Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлға белгіленген мерзімде шарт бойынша 200 мың теңгелік құрылыс жұмыстарын орындады. Декларация берілген сәтте тапсырыс беруші онымен толық есеп айырыспады, бірақ жиынтық табысқа кәсіпкер бұл соманы енгізді және табыс салығы жалпы сомадан есептелді. Қалған соманы кәсіпкер ала алмайды, бұл ретте табыс

есептелген күннен бастап екі жыл өткеннен кейін тапсырыс беруші төлемеген сома күмәнді талабы ретінде шегеріледі.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық  
комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

22. Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғаның жиынтық табысынан өндірісте пайдаланатын және тозған негізгі құрал-жабдық бойынша амортизациялық аударым осы нұсқаулықтың 23 тармағына сәйкес шегерілуге тиіс.

Ескерту. Амортизациялануға тиіс негізгі құрал-жабдыққа:

а) жер;

б) тауар-материалдық қорлар;

в) ағымдағы жылы салық салынатын табысты анықтау кезінде құны толық шегерілетін мүлік жатқызылмайды.

23. Амортизацияға жататын негізгі құрал-жабдықтар амортизациялаудың мынадай шекті нормаларымен топтарға бөлінеді:

топ   нөмірі	Мүліктің атауы	Амортизацияның шекті нөмірі, процентпен
-----------------	----------------	--

1.	Компьютерлер, шекті құрылғылар және  деректерді өңдеу жөніндегі жабдықтар;	30
----	---	----

2.	Труба құбырлары; мұнай-газ құбырлары,  пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеуші  пайдаланатын жабдықтар, машиналар мен  тетіктер	25
----	--	----

3.	Жолдарда пайдалануға арналған  автотрактор техникасы; арнайы аспаптар,  құрал-саймандар мен керек-жарақтар	20
----	--	----

4.	Жеңіл автомобильдер; такси;  Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы:  жүк автомобильдері, автобустар, арнаулы  автомобильдер мен автотіркемелер.	
----	--	--

	Машиналар мен жабдықтар:	
--	--------------------------	--

	өнеркәсіптің барлық салалары,	
--	-------------------------------	--

	құю өндірісі үшін;	
--	--------------------	--

	ұста-пресс жабдықтары;	
--	------------------------	--

	электрондық жабдықтар;	
--	------------------------	--

	құрылыс жабдықтары;	
--	---------------------	--

	ауыл шаруашылық машиналары	
--	----------------------------	--

	мен жабдықтары. Кеңсе жиһазы	15
--	------------------------------	----

5.	Басқа топтарға енгізілмеген  амортизацияланатын активтер	10
----	---	----

6.	Темір жол, теңіз және өзен көлік	
----	----------------------------------	--

құралдары. Қуат машиналары мен жабдықтары:	
жылу-техникалық жабдықтар	
турбиналық жабдықтар, электр	
двигательдері мен дизель	
генераторлары.	
Электр тарату және байланыс құрылғылары	8
7.  Үйлер, ғимараттар, құрылыстар	7
8.  Коммуникация жабдықтары:	

коммутация мен мәліметтер берудің	
электронды цифрлық жабдығы, цифрлық тарту	
жүйелері жабдығы, цифрлық өлшеуіш	
байланыс техникасы;	25
жасанды серік, ұялы байланыс, радиотелефон,	
пейджинг және транкинг байланысы жабдығы;	15
байланыс желілері, ұқсас жабдық,	
коммутациялар мен тарту жүйелері	10

---

Салық төлеушілер өз қалауы бойынша кез-келген салық жылында амортизацияның өзге нормаларын қолдануға құқылы, бірақ бұл шекті нормалардан аспауы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Ескерту: 23-тармақ 8 жолмен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990890\_

нұсқаулықтың 23-тармағында көрсетілген амортизация нормасын салық салынатын жылдың аяғындағы топтың құндық балансына қолдану жолымен е с е п т е л е д і .

Салық төлеушіні таратқан немесе қайта ұйымдастырған жағдайда амортизацияға бөлінген қаржы салық жылындағы қызмет кезеңіне түзетіледі.

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

25. Үйлер, ғимараттар және құрылыстар бойынша (бұдан әрі - құрылыстар) амортизация әрбір құрылысқа бөлек есептеледі. Егер құрылыстың құны тозу нәтижесінде 40 айлық есептеу көрсеткіші төмен болса, онда олардың құны ағымдағы шығындар ретінде бағаланып, шегерілуге тиіс.

Ескерту. 25-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

26. Салық төлеушілер өз бетінше жылына бір рет, жүзеге асыратын нормалар бойынша жүзеге асырылатын қайта бағалауды ескеретін және мына тәртіппен, бірақ нөлден кем емес мөлшерде айқындалатын сома топтың салық салынатын жылдың аяғындағы құндық балансы болып табылады:

а) топтың салық салынатын алдыңғы жылдың аяғындағы құндық балансы, бұл құндық баланс алдыңғы салық жылы есептелген амортизация сомасына азайтылады, сондай-ақ онда осы нұсқаулықтың 28, 29 және 32 ескеріледі;

п л ю с

б) салық жылы топқа қосылған негізгі құрал-жабдықтың сатып алу бағасы б о й ы н ш а қ ұ н ы ;

м и н у с

в) салық жылы ішінде топтың негізгі құрал-жабдығын босату бағасы бойынша өткізу кезінде алынған сома.

Мысал. Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғаның алдағы жылдың аяғында 800 мың теңгелік негізгі құрал-жабдықтың (үш топ) құндық балансы болады (300 мың теңгеден 2 жүк машинасы және 200 мың теңге тұратын 1 трактор), амортизация 120 мың теңге болды (15%). Ағымдағы салық жылы 250 мың теңгеге тағы бір трактор сатып алынды және 350 мың теңгеге бір жүк машинасы сатылды. Бұл ретте 580 мың теңге (800 мың т.-120 мың т. (800 x 0,15) - 250 мың т. - 350 мың т. - 580 мың т.) салық салынатын жылдың құндық балансы болып табылады. Мысал негізгі құрал-жабдықты қайта бағаламай қаралады.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің



1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің

1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

27. Егер салық жылы ішінде топтағы негізгі құрал-жабдықты өткізу кезінде алынған сома топтың жыл аяғындағы құндық балансынан асып түссе, артығы инфляцияға орай енгізілетін түзетуді ескере отырып, табысқа қосылады және топтың құндық балансы нөлге тең болады.

Инфляция деңгейінен тыс топтың негізгі құрал-жабдықтарын қайта бағалау сомасы жылдық жиынтық табысқа енгізіледі, олар Қазақстан Республикасының үкіметтік кепілімен қамтамасыз етілген шетелдік валютадағы заем қаражатына салынуы жүзеге асырылған үйлер құнын қайта бағалау сомаларын есепке алмағанда, осы заем қаражатын қайтару сәтінде туындаған теріс бағам айырмасы  
с о м а с ы н а .

ЕСКЕРТУ. 27-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі  
Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

Ескерту: 27-тармақтың екінші абзацы толықтырылды - ҚР Мемлекеттік  
кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929  
б ұ й р ы ғ ы м е н . V 9 9 0 8 9 0 \_

28. Егер топтың салық жылының аяғындағы құндық балансы 100 айлық есептеу көрсеткіші кем соманы құраса, топтың құндық балансының шамасы  
ш е г е р і л у г е т и і с .

Ескерту. 28-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің  
1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

29. Егер топтың барлық негізгі құрал-жабдығы өткізілсе немесе жойылса, топтың салық жылының аяғындағы құндық балансы шегерілуге тиіс.

30. Өндірістік мақсаттар үшін өз құрылысына жұмсалған шығындар және өндірістік мақсаттар үшін кемінде үш жыл пайдаланылып, сатып алынған технологиялық жабдықтардың құны салық төлеушінің қалауы бойынша амортизациялық кезең ішінде қалған амортизация сомасы шегінде кез-келген  
с ә т і н д е ш е г е р і л у і т и і с .

Үш жылдық кезең өткенге дейін жабдықтарды сату кезінде жүргізілген шегеріс есепті кезеңдегі шегерістерді кеміту есебінен өтеледі.

Оларды қаржыландыру көзі болған жағдайда, қарызға алынған қаражаттарды қоса алғанда, өндірістік мақсаттағы объектілер салуға (құрылыс салуға берілген кредит бойынша сыйақыны (мүдде) қоса алғанда) салық төлеуші жұмсаған нақты шығыстар өндірістік мақсаттарға арналған меншікті құрылысы бойынша шығыстар болып табылады. Шегеруге қабылданған құрылыс салуды аяқтау кезінде өндірістік мақсаттарға арналған меншікті құрылысы бойынша шығыстар сомасы топтың құндық балансын арттыруға жатпайды.

Ескерту. 30-тармақтың 1-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

Ескерту: 30-тармақ үшінші абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990890\_

31. Осы топқа кіретін негізгі құрал-жабдықтың әрбір тобына қатысты жөндеуге жұмсалатын шығындар бойынша шегеруге рұқсат етіледі (қуаттайтын құжаттар болғанда).

32. Осы нұсқаулықтың 31-тармағына сәйкес әрбір салық жылы үшін жөндеуге жұмсалатын шығынның шегерілуге тиіс сомасы топтың салық жылының аяғындағы құндық балансының 10 процентімен шектеледі. Белгіленген сомадан асып түсетін сома топтың құндық балансын көбейтеді.

Мысал. Кәсіпкер жеке тұлғада 2-топтың негізгі құрал-жабдығы бойынша салық салынатын жылдың аяғындағы құндық балансы 580 мың теңге болады. 32-тармаққа сәйкес ол осы топтың негізгі құрал-жабдығын жөндеуге жұмсалған соманы шегеру түрінде жиынтық табысты 58 мың теңгеге азайта алады (580 мың т. x 10%). Егер кәсіпкер осы топты жөндеуге іс жүзінде 80 мың теңге жұмсаса, онда нақты шығын мен белгіленген сома арасындағы айырманы - 22 мың теңгені (80 мың т. - 58 мың т.) осы топтың салық салынатын жылдың аяғындағы құндық балансына қосу керек, сөйтіп бұл ретте ол 602 мың теңге болады (580 мың т. + 22 мың теңге).

33. Кәсіпкерлікпен айналысушы сақтанушы жеке тұлғаның жиынтық табысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасына азайтуға құқығы бар, бұл орайда қор жинай және қайтару сипатындағы шарт бойынша сақтандыру төлемдері азайтуға жатпайды.

34. Материалдық емес активтерге жұмсалған шығындар 4-топтың негізгі құрал-жабдығының амортизациясының ставкасы бойынша амортизациялық аударым жарнасы түрінде шегерілуге тиіс және жеке топты құрайды. Егер амортизациялануға тиіс материалдық емес активтерді сатуға немесе өндіруге жұмсалған шығындар салық төлеушінің салық салынатын табысын есептеу кезінде шегерілген болса, бұл шығындар амортизациялануға тиіс материалдық емес активтердің құнына қосылмайды.

Ескерту. Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді (бір жылдан астам) кезең ішінде

шаруашылық қызметке пайдаланылатын материалдық емес активтерге жұмсалған шығындары материалдық емес активтерге жатады.

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

35. Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғаның табысынан мыналар шегерілуге тиіс:

а) салық салынатын жылдық жиынтық табысты анықтағанға дейін есепке алынбайтын салықтардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және басқа мемлекеттерде төленген табыс салығынан басқа төленген салықтар есептелген шегінде;

б) бюджетке енгізілуге тиістілерінен өзге, айыппұлдар мен өсімдерді қоса алғанда төленген айыпқылар.

в) кәсіпкерлік қызметте табыс алу үшін үш жылдан астам уақытқа пайдаланылатын құрылыстарды сату кезінде туындайтын залалдар.

ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

36. Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғаның табысынан мыналар шегерілуге тиіс емес:

а) бағалы қағаздарды өткізу кезінде туындайтын залалдар. Аталған залалдар басқа бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған құнның өсімінен түскен табыстың есебінен өтеледі. Егер бұл залалдар туындаған жылы өтеле алмайтын болса, онда олар бес жылға дейінгі мерзімге ілгеріге ауыстырылуға және бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған құнның өсімінен түскен табыстың есебінен өтелуге тиіс.

б) қозғалмайтын мүлікті (салық төлеушінің тұрақты тұрғылықты жері болып табылмайтын) асыл тастар мен металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды, өнер туындылары мен антиквариатты өткізу кезінде туындайтын залалдар. Аталған залалдар осы мүлікті өткізу кезінде алынған құнның өсімінен түскен табыс есебінен өтеледі.

37. Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметтен шеккен залалдары (көзделген шегермелердің жылдық жиынтық табыстан асып түсуі) келешек кезеңдердің салық салынатын табысы есебінен өтеу үшін үш жылға дейінгі мерзімге ауыстырылады.

ЕСКЕРТУ. 37-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің  
1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

Ескерту: 37-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік  
кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929  
бұйрығымен. V990890\_

37а. Жеке тұлға зейнеткерлік қамтамасыз ету туралы заңдарда белгіленген  
мөлшерде жинақтық зейнеткерлік қорларына міндетті зейнеткерлік жарналар  
жөнінде шегерім жасауға құқы бар.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 37а-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы  
министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30.  
N 322 бұйрығымен. V970056\_

38. Жеке тұлғаның салық жылы ішінде табыс алынған әр ай үшін бір айлық  
есептеу көрсеткіші мөлшерінде шегеруге құқығы бар.

Ескерту. 38-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің  
1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

39. Жеке тұлғаның салық жылының ішінде табыс алынған әр ай үшін өзінің  
ауыстыруындағы отбасының әр мүшесіне бір айлық есептік көрсеткіш  
мөлшерінде шегеруге құқығы бар.

Асырауындағыларға бұл жеңілдіктерді беру кезінде асырауындағылардың  
қатарына отбасының бірге тұратын және жұмыс істеушінің (салық төлеушінің)  
қаражатымен күн көретін, дербес табыс көздері жоқ не отбасы мүшесінің бір  
айдағы орташа табысының сомасы бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын  
отбасы мүшелері жатқызылады.

Ескерту. Отбасы - бірге тұратын және ортақ шаруашылық жүргізетін  
ерлі-зайыптылар, балалар мен ата-аналар.

Жиынтық табыстан шегеру құқығын беру кезінде шәкіртақы мен зейнетақы  
алатын адамдар, мемлекеттің асырауындағы басқа да адамдар  
асырауындағылардың қатарына қосылмайды. Атап айтқанда,  
кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары, арнаулы мектептердің  
оқушылары, асырылғаны үшін ата-аналардан төлем алынбайтын  
мектеп-интернаттарда тұратын балалар, сондай-ақ мемлекет толық қамтамасыз  
ететін мектептердің жанындағы интернаттарда тұратын балалар; мерзімді  
қызметтегі әскери қызметшілер, оның ішінде әскери-құрылыс отрядтарында  
қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер асырауындағылар болып  
есептелмейді.

Асырауындағы отбасы мүшелеріне шағып есептелетін шегеріс (бұдан әрі  
асырауындағылар) салық төлеушінің негізгі жұмыс орны бойынша беріледі.

Асырауындағы отбасы мүшелеріне шағып есептелетін шегеру отбасының  
құрамы және асырауындағылардың саны туралы тұрғын үйді пайдалану

кеңесінің, үй басқармасының, тұрғын үйді пайдаланудың басқа органының немесе жергілікті атқарушы өкімет органының анықтамасы; қалалық жерлерде азаматтарға жеке меншік құқығы негізінде тиесілі үйлерде тұратын азаматтар жөнінде - көше (орам) комитеттерінің немесе тұрғын үй кооперативтерінің төрағасы куәландырған анықтама, сондай-ақ қуаттайтын басқа да ресми құжаттар негізінде беріледі. Анықтаманың нысаны осы нұсқаулықтың N 6 қ о с ы м ш а с ы н д а к е л т і р і л д і .

Сондай-ақ отбасының жекелеген мүшелерін асырауға қаражат өндіріп алу жөніндегі атқарушы парақтар да асырауындағы отбасы мүшелерінің бар екенін қуаттайтын құжаттар болып табылады.

Жұмыс беруші берілген құжаттар негізінде салық төлеушінің дербес есептерінде (істерінде) құжаттардың күні мен нөмірін көрсетіп, асырауындағылардың саны туралы белгі жасайды. Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғалардың салық органдарындағы істерінде осындай б е л г і л е р с о ғ ы л а д ы .

Жұмысшылар, қызметшілер және салық салу жөнінен соларға теңестірілген адамдар жеңілдік алу жөніндегі анықтаманы жұмыс істейтін жеріндегі бухгалтерияға жыл сайын қаңтардың бірінші жартысына жалақы төлегенге дейін т а б ы с е т е д і .

Жыл ішінде жұмысқа түскен немесе асырауындағылардың саны өзгерген жағдайда анықтамалар жұмысқа түскеннен немесе асырауындағылардың саны өзгергеннен кейін 20 күндік мерзімде табыс етіледі. Бұл анықтамалар табыс етілгеннен кейінгі салық ұстау мерзімінен бастап салық есептеуде ескеріледі. Анықтамалар салық жылы аяқталғанға дейін күшінде болады.

ЕСКЕРТУ. 39-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

Ескерту: 39-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990890\_

40. Табысты осы нұсқаулықтың 38 және 39-тармақтарында көзделген айлық есептеу көрсеткіші азайтуды ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер, сондай-ақ жеке тұлға табыс алып отырған кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғалар ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту. 40-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

41. Өзінің табысы жөнінде декларация беруші жеке тұлғалар асырауында адамдар бар екені туралы анықтаманы табыс туралы декларацияға қоса тіркеуге міндетті. Егер кейіннен бұл жеке тұлғаларда асырауындағылар жөнінде ешқандай өзгерістер болмаса, онда бұрын ұсынылған құжаттар келесі жылы да

өзінің күшін сақтайды. Бұл шегерістер ағымдағы төлемдерді төлеу кезінде немесе салық органына декларация беру кезінде табыс алынған айлар

үшін жасалады.

42. Кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан немесе негізгі жұмыс орнынан басқа жерде кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғалардан ақшалай немесе заттай нысанда табыс алушы жеке тұлғалардың табысы айлық есептеу көрсеткіші белгіленген мөлшердегі сомасына азайтылмайды.

Ескерту. 42-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің  
1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

43. Осы нұсқаулықтың 39-тармағында көзделген айлық есептеу көрсеткіші шегеріс отбасының тек бір ғана салық төлеуші мүшесі олардың қалауы бойынша қолданылады.

Ескерту. 43-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің  
1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

44. Тұрақты мекемемен байланысты емес бейрезидент жеке тұлғалардың Қазақстандағы көздерден алынған табыстардан осы нұсқаулықтың 4-тармағында көзделген шегеріске құқығы жоқ.

Ү-тарау. Жеке тұлғалар үшін табыс салығының  
ставкалары

45. Жеке тұлғаның салық салынатын табысына мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

- 1) 15 еселенген жылдық есептік салық салынатын табыс сомасынан көрсеткішке дейін 5 процент
- 2) 15 еселенгеннен 30 еселенген 15 еселенген жылдық есептік жылдық есептік көрсеткішке көрсеткіштен алынатын салық дейін сомасы+ одан асатын соманың 10 проценті
- 3) 30 еселенгеннен 65 еселенген 30 еселенген жылдық есептік жылдық есептік көрсеткішке дейін көрсеткіштен алынатын салық сомасы+одан асатын соманың 20 проценті

4) 65 еселенген жылдық есептік көрсеткіш және одан жоғарыдан есептік көрсеткіштің салық сомасы + одан асатын сомадан  
30 процент

Ескерту. Айлық есептеу көрсеткіші - кезекті жылға арналған республикалық бюджетте немесе өзге нормативтік құқықтық актіде зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ айыппұл санкцияларын қолдану, салық және басқа да төлемдер үшін жыл сайын белгіленетін айға арналған көрсеткіш. Жылдық есептеу көрсеткіші - жыл ішіндегі айлық есептеу көрсеткіштерінің жиынтығы. Жеке тұлғаның салық салынатын табысы, айлық есептеу көрсеткіші шегерісі салық жылының басынан үдемелі жиыны деп есептеледі. Төлем көзінен ұсталатын табыс салығын есептеу салық жылы ішінде біркелкі (ай-сайын) жасалып отырады. Төлем көзінен жеке тұлғалардан ұсталатын табыс салығы біркелкі есептеу үшін "қайта есептеу коэффициенті" және "жылдың салық салынатын табыстың есепті сомасы" көрсеткіштерін пайдалану енгізіледі".

Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу тіркелген кесте (N 9 қосымша) бойынша осы көрсеткіштерді пайдалану арқылы жүзеге асырылуы т и і с .

Қайта есептеу коэффициенті дегеніміз "12" санының (жыл -12 ай) салық салынатын табыстың есепті сомасы анықталатын айдың санын және одан алынатын табыс салығының есепті сомасын білдіретін санға қатынасы, яғни қаңтарда - 12 (12:1); ақпанда - 6 (12:2); наурызда - 4 (12:3) және т.б.

N 10 қосымшада 1997 жылдың 1 қаңтарынан іске қосылған кестемен, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылып келген ставка бойынша жеке тұлғалардан табыс салығын есептеп алудың мысалы келтірілген.

Жеке адамдарға табыс салығы ставкасының өзгеруіне байланысты 1999 жылғы 1 сәуірден бастап жеке адамдарға табыс салығы бойынша салық жылы екі кезеңге бөлінеді: 1999 жылдың 1 қаңтарына 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін және 1999 жылдың 1 сәуірінен 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін. Мұның өзінде салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылатын коэффициенттер мен айлық есептік көрсеткіштердің мөлшері жеке есептеледі. 1999 жылғы 1 тоқсан үшін есептелген табыс салығы сомасын түзету есепті кезеңде жүргізіледі. 10-Б қосымшада 1999 жылғы жеке адамдарға табыс салығын есептеу мысалы көрсетілген, 10-В қосымшада 1999 жылға арналған жеке тұлғалардан табыс салығын есептеу к е с т е с і т і р к е л е д і .

Қызметкер салық жылы аяқталғанға дейін босатылған ретте бухгалтерия

онымен есеп айырысқан жағдайда нақты алған табысына сүйене отырып табыс салығын қайта есептеуі, ал қажет болған жағдайда есепті табыстан аванспен ұсталған салық сомасын қайтаруы тиіс. Қызметкер босатылған кезде салық жылы жұмыс істеген уақыты үшін төленген және одан ұсталған табысы туралы а н ы қ т а м а б е р і л е д і .

Осы ереже 1999 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жұмыстан босаған жеке адамдарға қатысты қолданылмайды, өйткені олар бойынша табыс салығы сомасын түзету жаңа жұмыс орны бойынша жүргізіледі.

Мердігерлік шарт бойынша жұмыстардан, сондай-ақ бір жолғы төлем түріндегі табыстар алатын жеке тұлғалардан табыс салығы қайта есептеу коэффициентін қолданбай-ақ әдеттегі тәртіппен есептеліп ұсталады.

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке тұлғалардың алынатын табыс салығы ставкаларының өзгеруіне байланысты 10а қосымшасында осы Нұсқаулықтың 45 тармағында көзделген ставкалар бойынша табыс салығын есептеу мысалы келтірілген.

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ жаңа 13-абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Ескерту. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитеті Төрағасының 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

Ескерту: 45-тармақтың жетінші абзацы толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990890\_

46. Жеке адамдарға төленетін заңды тұлға-резидентке қатысу үлесін сатудан түскен кіріс, сондай-ақ жеке адамдарға төленетін дивидендтер төлем көзінде 15 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады және осы салықты төлем көзі ұстап қалғанын растайтын құжаттар болған жағдайда одан әрі салық салуға ж а т п а й д ы .

ЕСКЕРТУ. 46-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс



министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

46а. Жеке тұлғалар алатын сыйақы (мүдде) ұтыстарға төлем көзінен 15 процент ставка бойынша салық салынады, мемлекеттік (ұлттық) лотерея жөніндегі ұтыстардың басқа.

ЕСКЕРТУ. 46а-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 46а-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен.  
V 9 7 0 0 5 6 \_

ЕСКЕРТУ. 46а-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

46б. Шаруашылық жүргізуші субъектілері қызметкерлерінің кәсіпкерлік қызметпен байланыссыз, шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысының есебінен алынған тікелей немесе жанама табыстарына төлем кезінде 15 процент ставка бойынша салық салынады.

ЕСКЕРТУ. 46б-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

46в. Қатысушы (акционер) заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған

немесе сатқан жағдайда, инфляцияға сай түзетуді ескере отырып, алып қою және сату кезіндегі қатысу үлесінің құны мен қатысушының (акционердің) жарна ретінде жарғылық капиталға енгізген меншікті мүлкінің құны арасындағы айырма ретінде анықталатын құн өсімінің тек 15 процент ставкасы бойынша ғана төлем көзіне салық салынуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. V-тарау 46в-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980543\_

бұйрығымен.

47.

Ескерту. 47-тармақ алынып тасталды, ары қарай рет нөмірлері өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

47. Бейрезиденттің Қазақстандағы көзден алатын, тұрақты мекемемен

байланысты емес табысына төлем көзінен жиынтық табыс бойынша шегеріс (осы нұсқаулықта көзделген) жасамай, мынадай ставка бойынша салық салынуға тиіс:

- 1) дивиденттер мен сыйақы (мүдде)
  - 15 процент
- 2) тәуекелдікті сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру төлемдері - 5 процент
- 3) халықаралық байланыстағы немесе Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасындағы тасымалдардағы телекоммуникациялық немесе транспорт қызметтері - 5 процент
- 4) роялти, қызмет көрсетуден, соның ішінде басқару жөніндегі қызметтер, консультациялық қызметтер көрсетуден алынған табыстар, жалгерлік бойынша табыстар және басқа

табыстар (Осы нұсқаулықтың 45-тармағына сәйкес салық салынатын еңбек ақы түрінде алынатын табыстардан басқасы) - 20 процент

Ескерту.

ЕСКЕРТУ. Ескерту алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 47-тармақтың 1-тармақшасы өзгерді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен.

V970056\_

ҮІ-тарау. Табыс салығы бойынша жеңілдіктер  
48. Мынадай жағдайда жеке тұлғалардың табысына табыс салығы салынбайды:

а) 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, оларға теңестірілген адамдардың, I және II топтағы мүгедектердің, сондай-ақ бала кезінен мүгедектің ата-анасының біреуінің табысы жылына 480 еселенген айлық есептеу көрсеткіші шегінде;

б) III топтағы мүгедектердің табысы - жылына 240 еселенген айлық есептеу көрсеткіші шегінде.

Жеке тұлғаның бірнеше негіздер бойынша салық жөніндегі жеңілдіктер болған жағдайда оған бір жеңілдің, ең көп мөлшердегі жеңілдік беріледі.

Мысал. Табыстың салық салынбайтын сомасы бір жыл бұрын 480 есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мынадай тәсілмен айқындалады (1998 жылдың мысалында) :

- 1)  $480:12\text{ай}= \text{айына } 40 \text{ айлық есептік көрсеткіш (АЕК)}$ ;
- 2) қаңтар, ақпан, наурыз АЕК=630 теңге;  $3 \times 630 \times 40 = 75600$  теңге;
- 3) сәуір, мамыр, маусым АЕК=640 теңге;  $3 \times 640 \times 40 = 76800$  теңге;
- 4) шілде, тамыз, қыркүйек АЕК=650 теңге;  $3 \times 650 \times 40 = 78000$  теңге;
- 5) қазан, қараша, желтоқсан АЕК=660 теңге;  $3 \times 660 \times 40 = 79200$  теңге;
- 6)  $75600\text{т.} + 76800\text{т.} + 78000\text{т.} + 79200\text{т.} = 309600$  теңге.

480 есе айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі салық салынбайтын табыс  
3 0 9 6 0 0                                    т е ण г е г е                                    т е ण .

240 есе айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі салық салынбайтын табыс  
1 5 4 8 0 0                                    т е ण г е г е                                    т е ण .

Негізгі жұмыс орны бойынша табыс алатын 480 айлық есептеу көрсеткіші (ЕТАЖ) шегінде немесе 240 еселенген ЕТАЖ шегінде табыс салығы салынбайтын табысқа құқы бар жеке тұлғаларға аталған шектерден асып түскен сәттен бастап алатын табысына салық салынады. Жұмыс орны өзгерген жағдайда жаңа жұмыс орнына бұрынғы жұмыс орнынан жұмыс істеген кезеңде алынған табыс туралы анықтама табыс етуге тиіс.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғаларға аталған жеңілдік осындай тәртіппен беріледі, өздерінің жеңілдікке құқығын олар қызметі басталған сәттен бастап салық органдарына қуаттауға тиіс.

Аталған жеңілдікке құқығы бар жеке адамдарға дивиденд төлеу кезінде банк табыс салығын төлем көзінде ұстап қалуға міндетті. Аталған жеңілдікті қолдану үшін табыс алатын жеке адам банк табыс салығын төлем көзінде ұстап қалғаны туралы, табыс алынғанын растайтын тиісті құжаттар қоса берілген өтінішті тұрғылықты жері бойынша салық органына беруге тиіс. Салық органы тапсырылған құжаттар негізінде жеке адамның жылдық жиынтық табысын айқындап, табыс деңгейі шекті мөлшерден асса, асқан сомасы бұрын төлем

көзінде ұсталған сома ескеріліп, салық салынуға тиісті. Егер жылдық жиынтық табыс белгіленген шекті мөлшерден аспаса, онда бұрын төлем көзінде ұсталған сома салық органының қорытындысы бойынша қайтарылуға жатады.

Ескерту. Ұлы Отан соғысына қатысушының куәлігі, мүгедек куәлігі және арнаулы белгі соғылған зейнеткерлік куәлік, әскери комиссариаттың анықтамасы, дәрігерлік-еңбек комиссиясының анықтамасы осы тармақта аталған санаттағы азаматтарға жеңілдік беру үшін негіздеме болып табылады. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2247 Жарлығымен айқындалған.

Ескерту. 48-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің  
1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 48-тармақтың б) тармақшасындағы үшінші-бесінші абзацтар жаңа

редакцияда берілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің  
1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

Ескерту: 48-тармақтың б) тармақшасы толықтырылды - ҚР Мемлекеттік  
кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929  
бұйрығымен. V990890\_

49. Жеке тұлғалардың табыстары мен төлемдерінің мына түрлеріне салық  
с а л ы н б а й д ы :

а) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын дипломатиялық немесе консульдық қызметкердің жалданбалы жұмысынан алынған ресми табыс,

б) табысына салық салынуға тиіс шет мемлекеттің мемлекеттік қызметінде жүрген адамның жалданбалы жұмысынан алынған ресми табыс.

Ескерту. Егер шет мемлекеттің мемлекеттік қызметінде жүрген аталған адамдардың Қазақстан Республикасындағы басқа көздерден алатын табысы болса, онда бұл табыс бойынша олар жалпы белгіленген тәртіппен табыс  
с а л ы ғ ы н т ө л е й д і .

в) бір жеке тұлғаның басқа бір жеке тұлғадан тарту немесе мұрагерлік түрде, сондай-ақ гуманитарлық, ізгілік, қайырымдылық көмек пен гранттардан көмек түрінде алған мүлкінің құны, еңбекақы түрінде алған мүлкінен басқасы.

Ескерту. Ізгілік көмек - үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар желісі бойынша, сондай-ақ басқа елдердің және аймақтардың жеке адамдарының мұқтаж халықтарға тегін көмек түріндегі жағдай жасауы (мысалы зілзала апаттарынан зардап шеккендер).

"Қайырымдылық қоры"- ауқатты емес, әлеуметтік жағынан қорғалмаған, мұқтаж жеке тұлғаларға материалдық көмек.

"Гранттар" - біздің және басқа мемлекеттің әртүрлі қоғамдық ұйымдардың жекелеген азаматтардың әртүрлі қызмет салаларында белгілі бір мақсаттарға (

міндеттерге) қол жеткізу үшін жеке тұлғаларға тегін, біржолғы ақшалай сома  
б ө л у і .

Жеке тұлғалардың гранттар түрінде алған, бірақ еңбекке ақы төлеу сияқты көзделмеген мақсаттарға пайдаланылған қаржыларды жеке тұлғаның жалпы табысына енгізілуі және жалпы белгіленген тәртіппен табыс салығы салынуы  
т и і с .

Жеке тұлғаларға тиісті қоғамдық қорлар немесе осыған уәкілдік берген органдар арқылы берілген ізгілік, қайырымдылық көмек жеке гранттар салық  
с а л у д а н б о с а т ы л а д ы .

г) зейнетақылар, стипендия, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылған жағдай бойынша және жасына қарай мемлекеттік әлеуметтік жәрдемдер төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері, сондай-ақ өзге де жәрдемақылар мен төлемдер, екіқабаттығы және бала туғандығы бойынша, мертігуі және еңбектік (қызметтік) міндеттерді атқару кезіндегі  
к ә с і п т і к а у р у л а р .

Ескерту. Еңбек ету қабілетінен уақытша айрылуына орай берілетін жәрдемақылар жиынтық табыста ескеріледі және жалпы белгіленген тәртіппен табыс салығы салынады. Өзін төлеу жеке тұлғаларға тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген жәрдемақылар мемлекеттік жәрдемақылар  
д е п ұ ғ ы н ы л а д ы .

д) балалар мен асырауындағыларға төленетін алименттер,

е) республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілетін біржолғы төлемдер мен материалдық көмек. Жұмыс беруші жеке адамның өлуіне немесе мүгедек болуына апарып соқтырған өндірістік жарақат салдарынан заңда белгіленген  
м ө л ш е р д е т ө л е й т і н б і р ж о л ғ ы т ө л е м д е р ;

е-1) табыс салығы салынған еңбекақы аударымдарынан құралған кәсіподақ бюджеті қаражатынан кәсіподақ мүшелері үшін материалдық көмек;

ж) мемлекеттік бағалы қағаздар жөніндегі сыйақы (мүдде);

мемлекеттік бағалы қағаздарға зейнетақы қаражаттарын орналастырудан алынған инвестициялық кіріс есебінен құралған зейнетақы жинақтау қорларынан  
з е й н е т а қ ы т ө л е м д е р і .

з) қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәуліктік норма шегінде төленетін іссапар өкілдік төлемдерінің сомасы.

и) банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдар жөніндегі сыйақы (мүдде), сондай-ақ мемлекеттік (ұлттық) лотерея жөніндегі ұтыстар;

к) салық төлеушінің (жеке тұлғаның) жиынтық жылдық табысы мемлекеттік емес жинақтау қорларына төлейтін айына он айлық есептік көрсеткішінен

аспайтын мөлшердегі ерікті зейнетақы жарналарының сомасына кемітіледі;

л) олардың әскери қызмет міндеттерін атқаруына байланысы жоқ еңбек қызметін жалғастыратын бұрынғы әскери қызметшілердің кірістері.

м) уақтылы төленбеген еңбекақы үшін өсімдер.

ЕСКЕРТУ. 49-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің  
1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 49-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы  
министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322  
бұйрығымен. V 9 7 0 0 5 6 \_

ЕСКЕРТУ. 49-тармақтың л) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Қаржы  
министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_  
бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 49-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік  
кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

Ескерту: 49-тармақтың ж) тармақшасы өзгертілді және жаңа абзацпен  
толықтырылды, л), м) тармақшалармен толықтырылды -  
ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы  
N 929 бұйрығымен. V 9 9 0 8 9 0 \_

50. Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғалардың салық салынатын табысы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тізбе бойынша қайырымдылық және білім беретін айналысушы коммерциялық емес ұйымдарға тегін берілген мүліктің (соның ішінде ақшалай қаражат) сомасына кәсіпкерлік қызметтен алынатын салық салынатын табыстың екі процентінен аспайтын мөлшерде азайтылады. Қайырымдылық мақсатында алынған, бірақ мақсатқа сай пайдаланылмаған қаражатқа коммерциялық емес ұйымдарда салық салынуға тиіс.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың салық салынатын табысы:

а )

б) Астана қаласындағы тұрғын үй құрылысына жұмсалған және ағымдағы жылы шын мәнінде нысаналы мақсатта пайдаланылған қаржылар сомасына кемітіледі.

Ескерту. 50-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің  
1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 50-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің  
1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 50-тармақ өзгертілді, а) тармақ алып тасталды - ҚР  
Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_  
бұйрығымен.

50а. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік агенттігі жасаған келісім-шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларына инвестициялар жүзеге асырған жағдайда салық төлеушілерге стандартты салық жеңілдіктері (бұдан әрі - жеңілдіктер) беріледі.

Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторлары Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік агенттігінің 1998 жылғы 07.08. N 131 I қосымша қаулысымен бекітілген.

Инвестициялар бойынша жеңілдіктер табыс салығын төлеуден толық және ішінара босату түрінде беріледі.

Өндірістік инфрақұрылым, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы салаларында инвестициялық қызмет жүзеге асырылса, инвестициялардың жалпы көлеміне қарай келісім-шарт жасалған сәттен бастап 5 жыл мерзімге дейін қоса алғанда, салық салығын төлеуден 100 % босатылады және Астана қаласының объектілеріне, тұрғын үй, әлеуметтік сала мен туризм объектілеріне инвестициялар жүзеге асырса - 4 жыл мерзімге дейін. Келесі кезеңдерде 10 жылға дейін қоса алғанда, салық төлеушілерге жеңілдіктер табыс салығы ставкасын 50 %-ке дейін төмендету түрінде жеңілдік беріледі.

Табыс салығы бойынша жеңілдік берудің нақты мерзімі мен мөлшері әрбір салық төлеушіге жеке белгіленеді және жобаның басымдығы, уақыты мен өтелу шарттарына қарай келісім-шартта айтылады.

Келісім-шартта айтылған стандартты жеңілдіктердің күшінде болу мерзімі осы Нұсқаулықтың осы тармағында көрсетілген мерзімнен аспауы тиіс.

Табыс салығын есептеу кезінде мыналар жеңілдікті айқындау базасы болып табылады:

а) мақсаты - жаңа өндіріс құру болып табылатын қызметін жаңа бастаған салық төлеуші үшін:

салық салынатын алынған табыс;

б) жұмыс істеуші салық төлеуші үшін:

келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы соңғы үш күнтізбелік жылдың бірінде алынған салық салынатын ең жоғары табыс салығының тиісті орташа жылдық инфляция индексіне (Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық агенттігінің мәліметтеріне сәйкес) түзету енгізілген салыстырылған салық салынатын табыс салығының өсімі. Егер салық төлеуші үш жылдан аз жұмыс істесе - жұмыс істеген кезеңдегі (күнтізбелік жылдар) салық салынатын ең жоғары табыс салығымен салыстырылған салық салынатын табысының өсімі.

Жұмыс істеуші салық төлеуші үшін салық салудан босатылатын салық салынатын табыс өсімін айқындау кезінде келісім-шарт жасалғаннан кейін туындаған қызметті жүзеге асырудан алынған табыс ескерілмейді.

Жеңілдіктер айқындалатын базаны есептеуді салық төлеуші тіркелген жердегі салық органдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес жүргізеді.

Егер жеңілдік алуға өтініш берілген жылдың алдындағы соңғы үш жылда салық төлеуші залал шеккен болса, жеңілдік берілмейді.

Аталған жеңілдік берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда табыс салығы қолданыстағы заңдардың негізінде қаржы санкцияларын қолдану арқылы салық төлеушінің бүкіл қызметі кезеңі үшін бюджетке енгізіліп, есептелуге жатады.

ЕСКЕРТУ. 50а-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

51. Жеңілдікке құқықтан айрылған жағдайда жеке тұлға бұл жайында 15 күннен кешіктірмей кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға, сондай-ақ табыс төлейтін жеке тұлғаларға, не салық органына хабарлауға тиіс. Дәлелсіз себеппен мұндай хабардың болмауы салық салудан жалтару ретінде қаралады. Бұл орайда салық жеңілдікке құқықтан айрылған күннен кейінгі мерзімнен бастап есептеледі.

Мысал. III топтағы мүгедек табыс салығы бойынша жеңілдікті 4 ай бойына (қаңтардан сәуірге дейін) пайдаланды және оның табысы салық салудан босатылған табыстың сомасынан асқан жоқ (осы нұсқаулықтың 48-тармағы). 20 сәуірден бастап оның мүгедектігі тоқтатылды. Бұл ретте мамыр айында алынған табыстан ол жалпы белгіленген тәріппен салық төлейді.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

VIa-тарау. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік агенттігімен (бұдан әрі - Агенттік) келісім-шарт бойынша стандартты жеңілдік беру кезінде салық салудан босатылатын салық салынатын табыстың мөлшерін айқындау

ЕСКЕРТУ. VIa-тараумен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

1. Күнтізбелік жылдың басынан бастап келісім-шарт күшіне енген және алдыңғы үш жыл бойынша мәліметтер болған жағдайда.

Келісім-шарт күшіне енген алғашқы жылы салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы мына формула бойынша есептеледі:

$$H - D \times P, \text{ мұнда}$$

H - салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы;

D - келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы үш жылдың біріндегі



салық төлеушінің салық салынатын ең жоғары табысы;

$P$  - келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы үш жылдық кезеңдегі орташа жылдық инфляция индексі;

салық салынбайтын табыс сомасын есептеу:

$НД-Х-Н$  мұнда,

$НД$  - салық салынбайтын табыс сомасы;

$Х$  - есепті кезеңдегі салық салынатын табыс сомасы;

$Н$  - салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы.

Келісім-шарттың келесі жылдары үшін салық салынатын табыс келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы жылдың салық салынатын ең жоғары сомасын салық салынатын табыс айқындалатын жылдағы инфляция индексіне көбейту арқылы инфляция индексіне түзетіледі.

$Н$  - есепті жылдың алдындағы салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы;

$P_i$  - есепті жылдағы орташа жылдық инфляция индексі.

1 мысал.

Жеке кәсіпкер А. Әубәкірұлы салық органында 1994 жылы 01.12. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 1.01. беріледі.

Кәсіпкер А. Әубәкірұлының салық салынатын табысы мынадай:

1995 жылы - 100 шартты бірлік (ш.б.)

1996 жылы - 130 ш.б.

1997 жылы - 160 ш.б.

Келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы үш жылдағы орташа жылдық инфляция коэффициенті:

1995 жылы - 179,2 % ( $1,393 \times 1,174 \times 1,096$ )

1996 жылы - 128,7% ( $1,174 \times 1,096$ )

1997 жылы - 109,6% ( $1,096$ )

Сонда, салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы 179,2 ш.б. ( $100 \times 179,2$  %).

Егер А. Әубәкірұлы 1998 жылы 200 ш.б. сомасында салық салынатын нақты табыс алса, яғни 1998 жылы 20,8 ш.б. сомасында ( $200 - 179,2$ ) салық салынатын табыстың бөлігіне салық салынбайды.

Егер А. Әубәкірұлы 1999 жылы 300 ш.б. сомасында салық салынатын нақты табыс алса, 1999 жылы орташа жылдық инфляция 108% құраса, яғни 1999 жылы 106,5 ш.б. сомасында ( $300 - 179,2 \times 108\%$ ) салық салынатын табыстың бөлігіне салық салынбайды.

2. Егер келісім-шарт күнтізбелік жылдың басынан күшіне еніп, салық

төлеуші үш жылдан аз жұмыс істесе. Салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы 1-тармақта келтірілген есептеуге сәйкес жүргізіледі, бірақ жұмыс кезеңі (күнтізбелік жылдар) үшін.

2 мысал.

Жеке кәсіпкер А. Әубәкірұлы салық органында 1995 жылы 01.07. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 1.01. беріледі.

Кәсіпкер А. Әубәкірұлының салық салынатын табысы мынадай:

1996 жылы - 130 ш.б.

1997 жылы - 160 ш.б.

Келісім-шарт жасалған жылға қарай орташа жылдық инфляция коэффициенті:

1996 жылы - 128,7%

1997 жылы - 109,6%

Сонда, салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы қызметінің алдыңғы екі жылында 175,3 ш.б. (160x109,6 %) құрайды.

Егер А. Әубәкірұлы 1998 жылы 200 ш.б. сомасында нақты табыс алса, онда 1998 жылы 24.7 ш.б. сомасында (200-175,3) салық салынатын табыс бөлігіне с а л ы қ с а л ы н б а й д ы .

3. Егер келісім-шарт күшіне күнтізбелік жылдың басынан басқа уақытта енсе және алдыңғы үш жыл бойынша салық салынатын ең жоғары табыс мәліметтері болған жағдайда жеңілдікті кезеңнің (q) айлары санының күнтізбелік жылдағы айлар санына қатынасы ретінде айқындалған коэффициентке (V) түзетіледі, яғни  $(V) - (q) / 12$  .

Салық салынбайтын табыс өсімі салық салынатын табыстың келісім-шарт жасалған сәттен бастап кезеңдегі салық салынатын табыс сомасы мен түзетілген салық салынатын ең жоғары табыс арасындағы айырма ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

3 м ы с а л .

Жеке кәсіпкер А. Әубәкірұлы салық органында 1994 жылы 01.12. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 01.08. беріледі .

Мұның өзінде А. Әубәкірұлы 1998 жылдың 5 айында 100 ш.б. мөлшерінде с а л ы қ с а л ы н а т ы н т а б ы с а л д ы .

Алдыңғы үш жылдағы салық салынатын ең жоғары табыс - 179,2 ш.б. құрайды. Осы сома жеңілдікті кезеңнің ай саны ескеріліп, айқындалған коэффициентке түзетіледі, яғни 5/12=0,417. Сонда, салық салынатын орташа

табыс 74,7 ш.б. (179,2x0,417) құрайды. Табыс салығы салынбауы тиіс табыс өсімі 1998 жылы 25,3 ш.б. (100-74,7) құрайды.

4. Егер келісім-шарт күшіне күнтізбелік жылдың басынан басқа уақытта енсе және жеке кәсіпкер үш жылдан аз жұмыс істесе.

Жұмыс кезеңіндегі (күнтізбелік жылдар) салық салынатын ең жоғары табыс жеңілдікті кезеңнің (q) айлары санының күнтізбелік жылдағы айлар санына қатынасы ретінде айқындалған коэффициентке (V) түзетіледі, яғни (V)-(q)/12. Салық салынбайтын табыс өсімі салық салынатын табыстың келісім-шарт жасалған сәттен бастап кезеңдегі сомасы мен жұмыс кезеңіндегі (күнтізбелік жылдар) салық салынатын табыстың түзетілген ең жоғары сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

4 мысал.

Жеке кәсіпкер А. Әубәкірұлы салық органында 1994 жылы 01. 12. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 01.08. беріледі.

Мұның өзінде А. Әубәкірұлы 1998 жылдың 5 айында 100 ш.б. мөлшерінде салық салынатын табыс алды. Алдыңғы екі жылдағы салық салынбайтын ең жоғары табыс 175,3 ш.б. құрайды. Осы сома жеңілдікті кезеңдегі ай саны ескеріліп айқындалған коэффициентке түзетіледі, яғни 5/12-0,417. Сонда

салық салынатын ең жоғары табыс 73,1 ш.б. (175,3x0,417) құрайды. Салық салынбайтын табыс өсімі 1998 жылы 26,9 ш.б. (100-73,1) құрайды.

5. Егер салық төлеуші алдыңғы үш жылдың бірінде немесе екеуінде залал шексе.

5 мысал.

Жеке кәсіпкер А. Әубәкірұлы салық органында 1994 жылы 01.12. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 01.08. беріледі.

А. Әубәкірұлының салық салынатын табысы:

1996 жылы - (+100) ш.б.

1997 жылы - (-130) ш.б.

1998 жылы - (-160) ш.б.

Келісім-шарт жасалған жылға қатысты орташа жылдық инфляция индексі:

1996 жылы - 179,2 %

1997 жылы - 128,7 %

1998 жылы - 109,6 %.

Сонда, салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы 179,2 ш.б. құрайды.

179,2-(100x17,2%)

Егер салық төлеуші 1998 жылы 200 ш.б. нақты табыс алса, онда 1998

жылы 20,8 ш.б. мөлшерінде (200-179,2) салық салынатын табыс бөлігіне салық салынбайды.

ҮІІ-тарау. Халықаралық салық салу

52. Табысқа салық салу мақсатында жеке тұлғалар - немесе азаматтығы жоқ тұлғалар екі санат бойынша қаралуға: резиденттер мен бейрезиденттер деп қаралуға тиіс.

Ескерту. "Резидент" деген ұғым осы нұсқаулықтың 7-тармағында берілген.

53. Шетелдік резидент - жеке тұлғалардан табыс салығы мына бір тәртіппен және мына бір жүйе ставкасымен Қазақстан Республикасының азаматы секілді салық жылының қорытындысы бойынша, салық органдарына табысы туралы декларациясын міндетті түрде берген жағдайда ұсталынады.

54. Бейрезидент жеке тұлғалар салық салу мақсатында Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент ретінде немесе тұрақты мекемемен байланысты емес бейрезидент р е т і н д е қ а р а л а д ы .

Ескерту. Тұрақты мекеме:

а) өзінің кәсіпкерлік қызметін, соның ішінде уәкілетті тұлға арқылы жүзеге асырылатын қызметті толық немесе ішінара жүзеге асыратын салық төлеуші қ ы з м е т і н і ң тұ р а қ т ы о р н ы ;

б) құрылыс алаңы, монтаж немесе құрастыру объектісі, сондай-ақ осындай объектілермен байланысты бақылау қызметін жүзеге асыру;

в) табиғат ресурстарын барлау үшін пайдаланылатын қондырғы немесе конструкция, бұрғылау қондырғысы немесе табиғат ресурстарын барлау үшін пайдаланылатын кеме, сондай-ақ олармен байланысты бақылау қызметіне жүзеге а с ы р у ;

г) қызметтер, соның ішінде консультациялық қызметтер көрсету.

55. Бейрезидент салық төлеушілерге табыс салығы Қазақстандағы көздерден алынған табыс бойынша оның төленген жеріне қарамастан салынады.

56. Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырушы бейрезидент жеке тұлға тұрақты мекемемен байланысты Қазақстандағы көздерден алынған, осындай табысы жөнінде осы нұсқаулықта көзделген шегерістің сомасына азайтылған табыстар бойынша табыс салығын төлеуші болып табылады. Оларға салық осы нұсқаулықтың 45, 46-тармақтарында келтірілген ставкалар бойынша салынады.

Ескерту. 56-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

57. Тұрақты мекемемен байланысты емес бейрезидент жеке тұлғаның табысына салық төлем көздерінен жиынтық табыс бойынша қандайда болсын шегерістер жасалмастан салынуға тиіс, егер табыс көзі Қазақстанда орналасқан болса, осы нұсқаулықтың 47-тармағында көрсетілген ставкалар бойынша салынуға тиіс.

Бұл тәртіп Қазақстан Республикасының резиденттері сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін импорттық тауарларға ақы төленген жағдайда қолданылмайды.

Ескерту. 57-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 57-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

58. Егер резидентке шетелдік заңды тұлғаның жарғы қорының тікелей немесе жанама түрде бір бөлігі тиесілі болса немесе оның қолында өз кезегінде елде салық жеңілдікпен салынатын табыс алатын осы заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының 10 процентінен астамы болса, онда бұл табыс немесе табыстың резидентке қатысты бөлігі оның салық салынатын табысына қосылады. Бұл ереже сондай-ақ резиденттің кәсіпкерлік қызмет ұйымының заңды тұлға құрамайтын басқа нысандарына қатысуына да қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 58-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің

1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

59. Шет мемлекет салық жеңілдікпен салынатын мемлекет ретінде қарайды, егер бұл салық ставкасы осы нұсқаулықта келтірілген ставкадан 1/3-ге төмен болса немесе қаржы ақпаратының құпиялылығы туралы заңдар немесе мүліктің нақты иесі немесе табыстың нақты иесі туралы құпияны сақтауға мүмкіндік беретін компаниялар туралы ақпараттар болса.

ЕСКЕРТУ. 59-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

60. Шетелдік азаматтардың табыстарына салық салу кезінде осы нұсқаулықтың 2, 10-11 тармақтарының ережелерін де ескеру қажет.

ҮІІІ-тарау. Салықты есептеу ережелері

61. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға есептеу әдісі бойынша салық салу мақсатында жиынтық жылдық табыс пен шегерімдерді айқындайды.

Ескерту. Есептеу әдісі - кірістер мен шегерімдер төлеген уақытына

қарамастан, мүлікті сату және есепке алу мақсатында жұмыстарды орындаған, қызмет көрсеткен, жөнелткен сәттен бастап есепке алынатын салық есебінің әдісі.

ЕСКЕРТУ. 61-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.(Бұл өзгертулер 1997 жылдың 1-шілдесінен бастап күшіне енгізіледі)

ЕСКЕРТУ. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980543\_

бұйрығымен.

62. Ұзақ мерзімді өзара шарттарға қатысты табыстар мен шегерістер салық жылы ішінде олардың нақты орындалуы бөлігінде ескеріледі.

Есептеу әдісін қолданған кезде өзара шарттың орындалу бөлігінің шамасы салық жылының аяғына дейін жұмсалған шығынды осы өзара шарт бойынша жиынтық шығынмен салыстыру арқылы айқындалады. Кассалық әдісті қолданған жағдайда өзара шарттың орындалуы бөлігінің шамасы нақты орындалған және ақысы төленген жұмыстар (қызметтер), жеткізілген тауарлар б о й ы н ш а а й қ ы н д а л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 62-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.(Бұл өзгертулер 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне е н г і з і л е д і )

63. Салық мақсаттары үшін тауар-материалдық қорлардың есебі бухгалтерлік есеп жөніндегі ережелерге сәйкес жүргізіледі. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің тауар-материалдық қорларды олардың сатып алынған сәтінен бастап өңдеу немесе инфляцияны ескере отырып өткізу сәтіне дейін қосымша б а ғ а л а у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Инфляция деңгейі шегіндегі жете бағалау сомасы салық салынатын табысқа енгізілмейді. Тауар-материалдық қорлар құнын салық төлеушінің есепті жыл ішінде инфляция индексінен асып түсетін мөлшерде ұлғайтуы салық төлеушінің жиынтық жылдық табысын ұлғайтуына жатқызылады.

ЕСКЕРТУ. 63-тармақтың 2 абзацы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы

министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.  
ЕСКЕРТУ. 63-тармақ өзгертілді, екінші абзац жаңа редакцияда - ҚР  
Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10.  
N 62 V980543\_ бұйрығымен.

64. Егер жалға беруші амортизациялануға тиісті негізгі құрал-жабдықты лизинг (қаржы жалгерлігі) бойынша жалға берсе, онда операция салық салу мақсатымен жалгердің мүлікті сатып алуы ретінде қаралады. Амортизациялануға тиісті негізгі құрал-жабдықты жалдау, мына шарттардың біріне сай келетін болса лизинг (қаржы жалгерлігі) болып табылады:

а) жалгерлік мерзімі негізгі құрал-жабдықтың қызмет көрсету мерзімінің 80 процентінен асатын болса;

б) жалгер негізгі құрал-жабдықты тіркелген баға бойынша немесе жалгерлік аяқталғаннан кейін айқындалатын баға бойынша сатып алу құқығына ие болса;

в) жалға берілетін негізгі құрал-жабдықтың қалдықтық құнын жалгерлік аяқталғаннан кейін оның жалгерліктің басындағы құнының кемінде 20 процентін құрайтын болса;

г) төлемдердің бүкіл жалгерлік кезіндегі ағымдағы (дисконтталған) құны жалға берілетін құнның 90 процентінен асатын болса.

65. Активтерді өтемсіз негізде беру және (немесе) төмендетілген құны бойынша сату кезінде беруші (сатушы) тұлға активтерінің құны - салық салу мақсатында айқындалатын өзіндік құн негізге алынып, ал алушы тұлға активтерінің құны - берілетін (сатылатын) активтердің кіріске алынған бағалау құны бойынша белгіленеді.

Мұның өзінде қаражаттардың құны тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) атаулары бойынша бөлмей есепті кезең үшін тұтас айқындалады.

Экспорттық операциялар бойынша төмендетілген құнымен активтерді сату кезіндегі салық салу мақсатында айқындалған, сатылған активтердің сатылатын бағасы мен өзіндік құны арасындағы айырма сатушы тұлғаның табысы болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 65-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 65-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

65-1. Үйлер, ғимараттар, құрылыстарды (бұдан әрі - құрылыстар) сату кезінде құнының өсімінен табыс осы құрылыстарды сату мен осы Нұсқаулықтың 24-тармағына сәйкес айқындалатын амортизация сомасына (инфляция түзетуін ескеріп) кемітілген құны арасындағы оң айырма болып табылады.

Құрылысты сатудың залалы осы құрылыстарды сату мен осы Нұсқаулықтың 24-тармағына сәйкес айқындалатын амортизация сомасына кемітілген құны арасындағы теріс айырма болып табылады.

65-2. Ұзақ мерзімді қаражаттардың құнына оларды сатып алу, өндіру,

салу, монтаждау мен қондыру жөніндегі, сондай-ақ салық төлеуші шегерім алуға құқығы бар шығындардан басқа олардың құнын арттыратын шығындар енгізіледі.

Лизингке алынған (қаржы жалы) мүлік үшін сыйақы (мүдде) осы мүліктің құнын арттыруға жатады.

Егер ұзақ мерзімді қаражаттардың бір бөлігі ғана сатылса, онда ұзақ мерзімді қаражаттың құны сату кезінде сатылған және қалған бөлігі арасында бөлінеді.

ЕСКЕРТУ. 65-1, 65-2-тармақтарымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990778\_

бұйрығымен.

66. Шегерілуге тиісті емес таза табыс есебінен жүзеге асырылатын шығыстарға мыналар жатады:

а) негізгі құрал-жабдықты сатып алуға және салуға жұмсалған шығын, күрделі сипаттағы басқа да шығындар,

б) бюджетке енгізілуі тиіс айыппұл санкциялары;

в) шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметкерлерінің тікелей немесе жанама табыстары болып табылатын кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес шығындар.

г) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын объектілерді пайдалануға және ұстауға жұмсалатын шығындар.



д) кәсіпкерлік қызметке байланыссыз шығыстар.

ЕСКЕРТУ. 66-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің  
1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 66-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық  
комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 66-тармақ өзгертілді, д) тармақшасымен толықтырылды - ҚР  
Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980543\_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 66-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің  
1999.05.05. N 457

V990778\_

бұйрығымен.

IX-тарау. Табыс салығы жөніндегі әкімшілік  
ережелер

67. Жеке тұлғалар табыс салығын мынадай тәсілмен төлейді:  
рыноктарда тауарларды сату құқығы үшін біржолғы алым төлеу табысты  
төлеу көзінен салықты ұстау арқылы, жылдық жиынтық табыс туралы  
декларация  
беру жолымен, патент негізінде төлейді.

ЕСКЕРТУ. 67-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің  
1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 67-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің  
1999.05.05. N 457

V990778\_

бұйрығымен.

Ескерту: 67-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің  
1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990890\_

68. Жеке тұлғалардан табыс салығын ұстау төлем көзінен есептеуді мынадай төлемдерді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар жүргізуге міндетті:

а) еңбек шарты (келісім-шарты) бойынша немесе мердігерлік (жалдау) шарты бойынша жұмыс істейтін кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде тіркелген жеке тұлғаларға жасалған төлемдерді қоспағанда жасалған төлемдер.

Ескерту. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде тіркелген жеке тұлғаларға төленетін төлемдер табыс төленетін қызметтің түріне жататын құжатты (куәлік немесе патент) көрсеткен жағдайда, төлем көздерінен табыс салығы салынбайды.

Мұнда кәсіпкерлік іс-әрекеттің субъектісі ретінде тіркелген жеке тұлғаға кіріс төлеген салық төлеуші төленген сома туралы кірісті алған жеке тұлға тіркелген орын бойынша салық органына жазбаша хабарлайды.

Осы Нұсқаулықтың 16-тармағында көрсетілген мүліктен басқа жеке тұлғалар өзінің жеке пайдалануы үшін сатып алған мүліктерді сатудан түсетін сомаға  
табыс салығы салынбайды.

Жеке тұлғалардан олардың еңбегіне (немесе қызмет көрсетуіне) ақы төлеу түрінде берілетін өнім (тауар) сатып алынған кезде еңбекке және көрсетілген қызметке заттай ақы төлеу кең тарағанын ескере отырып, жеке тұлға осы өніммен жалақы төлеу (немесе оның қызметіне ақы төлеу) және шаруашылық жүргізуші субъектінің өзінен табыс салығы ұсталған фактісін растайтын анықтама тапсырған жағдайда оған төленетін сомадан табыс салығы ұсталмайды.

Өнімді (тауарды) сатушы жеке тұлғалар табыс ететін анықтаманың дұрыстығына жауап береді.

Жеке тұлғалар барлық төлемдер туралы (жеке тұлғаларға негізгі жұмыс орны бойынша төленетін төлемдерден және зейнетақы төлемдерінен басқасы) және төленген сомалардан алынған табыс салығының ұсталған сомалары туралы деректерді шаруашылық жүргізуші субъекті жеке тұлғаның толық реквизитін көрсете отырып, өзі тіркелген жеріндегі салық органына жібереді.

б) мемлекеттік емес зейнетақы, шәкіртақы және жәрдемақы;

- в) резидент заңды тұлға төлейтін дивидендтер;  
г) осы нұсқаулықтың 47-тармағында көрсетілген төлемдер.  
д) мемлекеттік (ұлттық) лоторея жөніндегі ұтыстардан басқа ұтыстар жеке тұлғалар алған сыйақы (мүдде).  
е) жеке тұлға резидент - заңды тұлғадағы қатысу үлесін сатудан түскен табысты төлейтін.

ЕСКЕРТУ. 68-тармақтың "д"-тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен. V 9 7 0 0 5 6 \_

ЕСКЕРТУ. 68-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 68-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V 9 8 0 5 4 3 \_ бұйрығымен.

68а. Осы Нұсқаулықтың 66-тармағының "в" тармақшасына сәйкес жүзеге асырылатын төлемдер бойынша табыс салығын заңды тұлға - жұмыс беруші шеккен шығын сомасының 15 проценттік ставкасымен төлем көзінен төлейді.

Ескерту. Төлемдер деп кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес қызметкерлер үшін тікелей немесе жанама салықтар болып табылатын, шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысы есебінен жүзеге асырылатын және шегеруге жатпайтын жұмыс берушілердің шығын түсінеміз.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің өзінің қызметтері болып табылмайтын жеке тұлғаға жұмсалған дәл осындай шығыстар осы жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылады және осы Нұсқаулықтың 45-тармағының ставкасы бойынша оған табыс салығы салынуы тиіс.

М ы с а л :

Кәсіпорын өзінің қарауында қалған таза табыстың есебінен 1500 мың теңгеге қызметкері үшін пәтер сатып алды. Жұмыс беруші пәтердің құнын төлей отырып бюджетке 225 мың теңге ( $1500 \times 0,15$ ) мөлшерінде заңды тұлғадан алынатын табыс салығын аударуы тиіс. Аталған сома шаруашылық жүргізуші субъектінің шегерімінде есептелмейді.

Ескерту. 68-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 68-тармақ өзгертілді және ескертумен, д)-тармақшасымен, 68а-тармағымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

69. Салықтарды төлем көзінен бюджетке ұстау және аудару үшін заңды және табыс төлейтін жеке тұлғаларға жауапкершілік жүктеледі. Салық сомасын ұстамаған жағдайда заңды немесе табыс төлейтін жеке тұлға бюджетке

ұсталмаған салықтың сомасын және онымен байланысты айыппұлдар мен өсімдерді төлеуге міндетті.

70. Осы нұсқаулықты 68-тармағына сәйкес табыс көзінен салық ұстайтын заңды және жеке тұлғалар мынаған міндетті:

а) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктерден жалақы төлеуге қаражат алған кезде салық бюджетке осы қаражаттардың алынуымен бір мезгілде, басқа жағдайларда - төлем жасалған ай біткен соң 5 банк күні ішінде аударылсын.

Заңды тұлға болып саналмайтын ұйымдар мен өзге де жұмыс берушілер еңбекке ақы төлеуге арналған қолма-қол ақша қаражаттарын банктен іс жүзінде алатын күннен кешікпей, не қызметкерлердің аманаттары бойынша оларға тиесілі сомаларды аталған ұйымдардың банктегі шоттарынан аударылатын күннен кешікпеу, есептелген және жеке тұлғалардан ұсталған салық сомасын бюджетке аударуға міндетті.

Заңды тұлғалар болып саналмайтын, банктерде шоттары жоқ, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу сомасын өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен пайдадан төлейтін ұйымдар мен өзге де жұмыс берушілер есептелген салықтың сомасын бюджетке төлем жүргізілген ай біткен соң 5 банк күні ішінде аударлады.

Төлемнің: аванстық төлем, заттай төлем немесе әлдеқандай нысандағы төлем түрлеріне қарамастан, салықтың бюджетке аударылуы барлық жағдайларда жүргізілуге тиісті.

Егер еңбекке ақы төлеу айына бірнеше рет жүргізілсе немесе жеке тұлғаларға бір жолғы төлемдер жасалса, салықтың сомасы мұнда да осы сомалардың алынуымен бір мезгілде аударылуы тиіс.

Егер заңды тұлға болып табылмайтын ұйымдардың және өзге де жұмыс берушілердің толық көлемінде еңбекке ақы төлеуге және ұсталған табыс салығын аударуға қажетті ақшалай қаражаты жеткіліксіз болса, онда табыс салығы бюджетке еңбекке ақы төлеу қаражатының жеке тұлғаларға төленген мөлшерінің үлестік сомасымен аударылады.

Филиалдар мен басқа да ерекшеленген бөлімшелер үшін салықты бюджетке аударуды аталған филиалдар мен басқа да ерекшеленген бөлімшелердің тұрған орындары бойынша басшы ұйымдар белгіленген тәртіппен еңбекке ақы төлеу қаражаттарын аударумен бір мезгілде жүзеге асырады.

б) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-і күні салықтық тіркеу орны бойынша салық органдарына төлем көздерінен ұсталатын табыс салығының есеп айырысуларын көрсету керек. Есеп айырысу нысандары осы Нұсқаулықтың 14 және 14А қосымшаларында келтірілген.

в) жеке тұлғаның талабы бойынша есепті салық кезеңінде жеке тұлғаның

тіркеу нөмірі, оның аты-жөні, табыстың және ұсталған салықтың жалпы сомасын көрсетіп, төленген табыстар мен ұсталған салықтар туралы анықтаманы берсін.

Төленген табыс және ұсталған салық туралы анықтама нысаны (мәлімет) осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасында көрсетілген.

г) салық жылы (жеке тұлғаларға негізгі жұмыс орны бойынша төленетін төлемдерден және зейнетақы төлемдерінен басқасы) аяқталғаннан кейін 30 күннің ішінде салық қызметі алушы - жеке тұлғаның тіркеу орны бойынша органдарына жеке тұлғаларға төленген табыс төлемдері және есепті салық жылында ұсталған салық туралы анықтама беруге міндетті. Мұндай анықтама жеке тұлғаға оның талап етуі бойынша жіберілуге тиіс. Анықтамада осы екі жағдайда да жеке тұлғаның тіркеу нөмірі туралы деректер, оның фамилиясы мен инициалы, табыстың жалпы сомасы және ұстаған салықтың жалпы сомасы берілуге тиісті.

Ескерту. 70-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 70-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 70-тармақта а) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 70-тармақ б) тармақшасымен толықтырылды, "б" және "в"-тармақшалары тиісінше "в" және "г"-тармақшалары деп есептелді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.03.12. N 16 V980076\_ бұйрығымен.

71. Салық төлеушілер зейнетақы жинақтау қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу және төлеу жөнінде осы Нұсқаулыққа N 15 қосымшада келтірілген нысандағы есеп айырысу ведомосын салық органдарына ай сайын тапсырады, 14, 14-А нысандары бойынша төлем көзінде ұсталатын жеке адамдардың табыс салығынан табыс салығын бір мезгілде ұстап.

71-1. Жылдық жиынтық табыс туралы декларацияны салық қызметі органдарына салық тіркелген жері бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін мынадай салық төлеушілер тапсырады:

а) Қазақстан Республикасында төлем көзінен салық салынбайтын табыстары бар жеке тұлғаларға, салық төлеушілердің бұл тобына кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыстарды және мүліктік табысы бар (бағалы қағаздар құнының өсімі табыстан және резидент-заңды тұлғаға қатысу үлесінен басқасы) жеке тұлғалар ж а т а д ы ;

б) тұрғын үй салуды және осындай құрылыс үшін құрылыс материалдарын ірі көлемде сатып алуды қоспағанда, салық жылында 500 айлық есептік

көрсеткіштен астам сомаға құрылыс салған немесе ірі көлемде сатып алу ж а с а ғ а н д а р .

Ескерту. Құны 500 еселеген айлық есептік көрсеткіштен жоғары мәміленің көлемін айқындаған кезде, мәміле жасаған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің мөлшері ескерілуі керек. Салық төлеушілердің бұл санаты декларация тапсырған кезде бұрын төлем көздерінен салынған табыстарды көрсетеді, бірақ табыс салығын есептеу кезінде жиынтық жылдық табыстан а л ы н ы п т а с т а л а д ы .

Мысал. Жеке тұлға шілдеде  $(370000:640)=578$  АЕК құрайтын құны 370000 теңге (АЕК - 640 теңге) жиһаз сатып алды.

Белгіленген шек 500 МЕК асып түсті, тиісінше жеке тұлға салық органына декларация тапсыруы керек;

в) Қазақстан Республикасынан сырт жерде орналасқан шетелдік банкілердегі шоттарда ақша бар жеке тұлғалар. Жеке тұлғалардың бұл тобына Қазақстан Республикасының азаматтары және резидент-шетелдік азаматтар жатады.

г) Қазақстан Республикасынан сырт жерден табыс алатын жеке тұлғалар. Жеке тұлғалардың бұл тобына Қазақстан Республикасының осындай табыс алатын барлық салық төлеушілері, соның ішінде Қазақстан Республикасы табыс көзі болып табылатын резиденттер жатады.

д )

е) Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттарының депутаттары, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер үшін көзделген заңдар нормалары қолданылатын адамдар, мерзімдік әскери қызмет өткеруші әскери қызметшілерден б а с қ а .

ж) мемлекеттік лауазымда тұрған тұлғалар, жыл сайын өзінің өкілеттіктерін орындау кезеңінде, сондай-ақ лайықсыз себептер бойынша мемлекеттік қызметтен босатылғандар, босатылған соң тұрғылықты жері бойынша салық органына ү ш жылдың і ш і н д е ;

з) осы тармақтың ж) тармақшасында көрсетілген тұлғаның ері (зайыбы)

тұрғылықты жері бойынша салық органына;

и) Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін бейрезиденттер.

Ескерту. 71-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 71-тармақ д)-тармақшасымен толықтырылды - ҚР

Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 71-тармақ е)тармақшасымен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі

Салық комитеті 1997.07.29. N 134

V970050\_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 71-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен.

V970056\_

ЕСКЕРТУ. 71-тармақ өзгертілді және ж)-и)-тармақтарымен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980543\_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 71-тармақ 71-1 тармақ болып өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990778\_

бұйрығымен.

Ескерту: 71-1 тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990890\_

71-2. Салық салу объектілері болып табылатын, оларға меншік құқығымен тиесін табыстар мен мүлік туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттарының депутаттары сайланған кезінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер үшін көзделген заңдар нормалары қолданылатын адамдар, мемлекеттік қызметке түскен, мемлекеттік лауазымдарға тағайындалған , мемлекеттік қызмет бойынша жылжыған мерзімдік әскери қызмет өткеруші әскери қызметшілерден басқа.

71-3. Қызметін тоқтатқан немесе Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары кеткен кезде салық қызметі органдарына жиынтық табыс салығы туралы декларацияны кез келген он екі айлық кезеңнің ішінде Қазақстан Республикасында 30 күннен астам уақыт болған немесе қазақстандық көзден 500 айлық есептік көрсеткіштен артық табыс алған жеке резидент емес тұлғалар тапсырады.

ЕСКЕРТУ. 71-2, 71-3 тармақтармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

71-4. Мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе оған теңестірілген қызметті атқарумен байланысты лауазымға кандидат болып табылатын адамдар, осы тармақта аталған адамдардың жұбайы (зайыбы) тұрғылықты жері бойынша салық органына декларацияны тапсырады:

а) кірістері туралы декларацияны;

б) салық алынатын объект болып табылатын, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары орналасқан мүлік туралы декларацияны, аталған мүліктің бағаланған құны мен орналасқан жерін көрсете отырып;

в) мынадай мәліметтерді:

банктік мекемелердегі салымдар туралы және бағалы қағаздар туралы, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары орналасқандарын қоса, банктік мекемені көрсете отырып, сондай-ақ аталған тұлғалар жеке немесе басқа тұлғалармен бірлесіп басқаруға құқықты қаржылық қаражаттар туралы;

заңды тұлғалардың акционер немесе құрылтайшы (қатысушы) ретіндегі өзінің тікелей немесе ортақтас қатысуы туралы, шартты капиталға қатысуының үлесін және аталған ұйымдардың банктік және өзге де деректемелерін көрсете отырып;

трасттар туралы және олар тіркелген мемлекеттер туралы, егер тұлға немесе оның ері (зайыбы) осы трасттардың бенефициары болып саналса;

тұлғамен айлық есеп айырысу көрсеткішінің мың есе мөлшерінен асып түсетін көлемде, тұлғаға немесе күйеуіне (зайыбына) тиесілі материалдық және қаржылық құралдарды ұстау және уақытша сақтау жөнінде шартты қатынастары, келісімдері және міндеттемелері бар басқа ұйымдардың атаулары мен



деректемелері

туралы.

ЕСКЕРТУ. 71а-тармақ 71-4 тармақ болып өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

71-5. Мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілеттік берілген тұлғалардың, сондай-ақ аталған тұлға білмейтін соған теңестірілген тұлғалардың шотына түскен ақшалай қаражаттар, сонымен бірге егер заңдарда өзгеше қаралмаған болса, тұлға тиісті міндеттерді орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, қызмет және өзге де тұрғыда ол өзінің мемлекеттік немесе соған теңестірілген міндеттерді орындағаны үшін қабылдаған кез келген сыйақы олар анықталған соң екі апталық мерзімнен кешіктірмей тиісті салық органына бұл қаражаттардың түсу жағдаяттары туралы түсініктеме бере отырып, республикалық бюджетке аударуға жатады.

ЕСКЕРТУ. IX-тарау 71а және 71б-тармақтарымен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 71б-тармақ 71-5 тармақ болып өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

72. Салық төлеушілер табыстар мен мүлкі туралы мәліметті және табысы туралы Декларацияны салық қызметі органдарына салық заңымен белгіленген мерзімде және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгіленген нысаны бойынша тапсырады.

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, табыс салығын салудан босатылған және (немесе) әртүрлі ставкалар бойынша салық салынатын табысы бар жеке адамдар олар бойынша жеке есеп жүргізіп, жиынтық жылдық табыс туралы декларация мен жүргізілген шегерімдерді қоса беріп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысанда осындай табыстар бойынша жеке есеп тапсыруға міндетті.

Салық жылы аяқталғанға дейін кәсіпкерлік немесе басқа қызмет тоқтатылған жағдайда осы нұсқаулықтың 71-тармағында көрсетілген салық төлеуші жеке тұлғалар өткен кезең үшін декларацияны қызмет тоқтатылғаннан кейін 15 күн мерзімде өз бетінше немесе салық қызметі органдарының талап етуімен беруге т и і с .

Жеке тұлғалар - резидент еместер қызметін тоқтатқан немесе Қазақстан Республикасының аумағынан кеткен кезде салық қызметі органдарына жиынтық табыс туралы декларация табыс етеді.

Декларацияға және табыстары мен мүлкі туралы мәлімет салық төлеуші қол қоюға, ал ол жоқ болған немесе әрекет етуге қабілетсіз болған жағдайда оның заңды өкілі қол қоюға тиіс.

Салық төлеушіге табыстар мен мүлкі туралы мәліметті және табысы туралы

Декларацияны құрастыруға көмек көрсетуші аудитор, аталған декларация мен табыстары және мүлкі туралы мәліметке қол қойып мөр басып және салық төлеушінің өзінің тіркеу нөмірін көрсетуге міндетті.

Егер салық төлеуші мерзімді басталғанға дейін ұзарту туралы өтініш берсе, декларация беру мерзімін салық қызметі органы әрі кеткенде үш айдан кезеңге ұзартуы мүмкін. Декларация беру мерзімін ұзарту салық төлеу мерзімін өзгертеді.

Ескерту. 72-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 21 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 72-тармақ 3-абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.28. N 20 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 72-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.07.29. N 134 V970050\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 72-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің 1997.09.30. N 322 бұйрығымен. V970056\_

ЕСКЕРТУ. 72-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980543\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 72-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990778\_ бұйрығымен.

